

Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1465

Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеуді үйлестіру, өткізілетін салтанатты іс-шараларды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық деңгейде мыналар аталып өтіледі деп белгіленсін:
жалпыхалықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалардың мерейтойлық және атаулы күндері, республиканың экономикалық және рухани әлеуетіне аса зор үлес қосқан қызметтің түрлі саласындағы жекелеген ұйымдардың қ ұ р ы л ғ а н ж ы л д ы қ т а р ы ;

рухани мәдениетті дамытуға, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал әйгілі қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары.

2. 1) облыстардың, қалалардың, қызметтің түрлі саласындағы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген ұйымдардың мерейтойлары жүз жылдығында және одан әрі әрбір 25 жылда аталып өтіледі;

2) жекелеген тұлғалардың мерейтойлары алғашқы жүз жылдықта - жүз жылдығы, одан кейінгі жүзжылдықтарда әрбір жиырма бес жылда аталып өтіледі.

3) республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлық және атаулы

күндерді мерекелеу Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.01.25. N 124 қаулысымен.

Р 0 0 0 1 2 4 _

3. "Мерейтойларды өткізу мен атаулы даталарды мерекелеу туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 465

Р 9 3 0 4 6 5 _

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 276-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК